



БИЫЛҒЫ ҚАЗҰУ ҚЫЗҒАЛДАҒЫ МЕН ҚЫРАНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Елдік салтымыздың озығын насихаттап, тозығын жаңартқан заманауи байқаулар – жастар қай бағытты таңдамағы дұрыс деген сауалға берілер жауап. Осы орайда университеттегі қазақы дәстүріміздің айшығына айналған мереке, яғни «Ана тілі» аруы мен «Жігіт сұлтаны» – 2011» Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында жоғары дәрежеде қорытындыланды.

Сарайды мерекеге бөлеген «Ана тілі» аруы мен «Жігіт сұлтаны» байқауын әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тәрбие жұмысы жөніндегі департаменті мен Студенттер сенаты ұйымдастырды. Университетімізде дәстүрге айналған «Ана тілі» аруы және «Жігіт сұлтаны» байқауы биыл ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналды. Байқауға қатысуға өтініш білдірушілер қатары бұдан-жылға артқандығы қуантады. Байқаудың бірінші кезеңінде университетіміздің 700-ге жуық талантты да ерекше дарынды ұл-қызы өтініш білдіріп, олардың 90-ы 2-ші кезеңге өткен болатын. Ал ақтық сайысқа 13 факультеттен 13 ару мен 13 сұлтан дараланып шықты.

Байқаудың ақтық кезеңіне дейін бозбалалар мен бойжеткендер бірнеше сыннан өткенін айта кету керек. Қыздарымыздың қолымен жасалған қазақтың ұлттық тағамдары жәрмеңкесі өкізді, жиналған ақша қоры жетім балалар үйіне қамқоршылық-шараларын өткізуге жұмсалды. Сұлтандарымыз 4 түрлі спорт сайыстарына қатысып, өздерінің күш-жігерлерін көрсетті.

(Жалғасы 3-бетте)



Делегация КазНУ им. аль-Фараби во главе с ректором Галымом Мутановым 9 ноября вылетела в США. Основной целью поездки является расширение международного сотрудничества в научно-образовательной сфере, установление партнерских отношений с американскими университетами для реализации совместных исследовательских и инновационных проектов.

НАШИ В ШТАТАХ

В ходе заграничной командировки представители КазНУ посетят ведущие американские вузы с мировым именем: университет Нью-Гэмпшир в Дареме, Колумбийский университет в Нью-Йорке, Калифорнийский университет в Беркли, университет Сан-Франциско, Стэнфордский университет в Пало-Альто. Также запланировано посещение знаменитой «Силиконовой долины», в которой сосредоточены высокотехнологичные компании, занимающиеся разработкой и производством компьютеров, программного обеспечения и устройств мобильной связи, биотехнологий.

Сотрудничество науки и бизнеса, внедрение инноваций станут предметом обсуждения во время встреч с представителями известных в мире компаний - Google Inc, HP, Cisco, Chevron Energy Solutions и др.

10 ноября ректор КазНУ встретился с директором института Земли Колумбийского университета профессором Джеффри Саксом. В ходе беседы Г.Мутанов подробно рассказал о научно-образовательной и инновационной деятельности университета, особо подчеркнув, что КазНУ взял курс на трансформацию в исследовательский университет. «Мы стремимся перенять лучшее из практики создания исследовательских вузов. Огромный опыт Колумбийского университета для нас ценен и важен. Уверен, что знакомство с ним будет полезным и интересным, придаст новый импульс взаимовыгодному сотрудничеству», отметил Г. Мутанов, обращаясь к Джеффри Саксу.

(Продолжение на 2 стр.)

РЕКТОРАТ

ЖАҢА ҰСЫНЫСТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кезекті Ректорат мәжілісі бірқатар жаңа ұсыныстармен ерекшеленді. Онда әлеуметтік жаңғыру мәселелері қаралып, тың идеялар ортаға салынды.

Ректорат мәжілісінде ҚазҰУ факультеттерінің Индикативті жоспарды жүзеге асырудағы негізгі әлеуметтік даму бағыттары туралы Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаеваның баяндамасы тыңдалды. Онда әлеуметтік дамудың стратегиялық бағыттары тарқатылып айтылып, әдістемелік, тәрбие жұмыстарын ақпараттық-талдау тұрғысынан қамтамасыз ету және жергілікті қоғамдастармен жұмыс істеуді дамыту бағытында 22 орталықтың құрылатындығы мәлім болды. Бұлар әрбір факультетте дүниеге келетін орталықтар болып табылады.

(Жалғасы 2-бетте)

СЕМИНАР

ВЕБОМЕТРИЯ: рейтинг во всемирной паутине

21-22 ноября 2011 года в КазНУ им. аль-Фараби при поддержке МОН РК пройдет Международный семинар «Вебометрия - проблемы вовлечения университетов в рейтинговый процесс». Мероприятие подобного плана проводится в Казахстане впервые. В нем примут участие специалисты исследовательской группы Cybermetrics Lab при Высшем совете научных исследований (CSIC) Испании Международного рейтингового агентства Webometrics Ranking of World Universities, представители вузов Казахстана, преподаватели и сотрудники КазНУ.

Семинар призван стать интеллектуальной площадкой для плодотворных дискуссий, конструктивного обмена мнениями казахстанских и зарубежных ученых и специалистов. На семинаре будет рассмотрен зарубежный опыт участия университетов в международных рейтингах по таким направлениям, как: специфика Webometrics, индикаторы присутствия вузов в виртуальном пространстве, интернет-аудитория, дизайн и рейтинг вузовских сайтов.

В последнее время все больше казахстанских вузов проявляет интерес к методологии проекта Webometrics, которая ранжирует их по присутствию

во «всемирной паутине». Чем насыщеннее, продуманнее и информативнее сайт, чем больше посетителей он привлекает, тем больше новых знаний продуцирует вуз в глобальное научно-образовательное пространство. Это является важным индикатором роли университетов как центров образования и инноваций.

Одна из основных идей рейтинга - стимулирование обмена информацией между учеными мира через публикацию результатов исследований на вузовских сайтах. Это особенно важно в современных условиях, когда обмен научной информацией приобретает



первостепенное значение. Анализ результатов по отдельным индикаторам и прежде всего по Sc (Scholar), характеризующего объем научных исследований, позволяет высветить составляющую в общей картине интеллектуального развития регионов.

(Продолжение на 4 стр.)

НАШИ В ШТАТАХ

(Начало на 1 стр.)

В ходе встречи были обсуждены вопросы дальнейшего расширения программ в КазНУ по проекту Global classroom, их идентификации и адаптации к казахстанским условиям. Была достигнута договоренность о прохождении стажировки слушателей курсов в Колумбийском университете, академическом обмене студентов и преподавателей.

Д. Сакс рассказал, что на базе Института Земли действуют 30 исследовательских центров, по разным направлениям работают более 800 ученых. Колумбийский университет заинтересован в сотрудничестве с вузами Казахстана, в частности с КазНУ, с которым выстраиваются хорошие партнерские отношения. «Положительным фактором заинтересованного отношения к КазНУ является доверие, которое сложилось после успешного продвижения программы по устойчивому развитию Integrated Approaches to Sustainable Development Practice», - отметил Джеффри Сакс.

Он предложил сформировать совместные научные группы и начать работу по таким важным направлениям, как энергосбережение, экология, водные ресурсы, инновационные технологии, диверсификация экономики.

Д. Сакс выразил желание вступить в Международной клуб «Friends of KazNU», активно участвовать в его работе и в качестве друга университета выразил готовность выступить с лекциями для ученых и студентов КазНУ. Галим Мутанов поблагодарил его за доброе отношение к вузу, пригласил его посетить КазНУ, торжественно вручил специальный знак и свидетельство члена клуба.

Еще одна важная встреча состоялась с директором глобальной магистерской сети Колумбийского университета и другом КазНУ Лусией Родригес. В октябре текущего года она посетила КазНУ и приняла участие в Международном форуме по вопросам развития исследовательских университетов. Выступая на форуме, она отметила, что благодаря успешной реализации проекта Global classroom магистранты и PhD докторанты КазНУ участвуют в он-лайн лекциях ведущих профессоров Колумбийского университета. Л. Родригес вступила в клуб друзей КазНУ и была избрана его сопредседателем.

Во время беседы она с теплотой вспоминала форум в Алматы, где представители разных стран и университетов подружились между собой, «эта благородная миссия КазНУ объединила нас, в этом большая заслуга ректора Галима Мутанова», - подчеркнула она.

Гостей из Казахстана ознакомили с работой студенческого бизнес-инкубатора университе-



та. Руководитель центра предпринимательства Лесли Хант рассказала, как можно создавать со студентами выгодные и окупаемые проекты, востребованные в обществе. Здесь есть все условия, чтобы во время занятий студенты на практике освоили навыки предпринимательства, могли реализовать свой проект и на выходе создавать рабочие места.

Для этого в университете разработан и внедрен курс «Теплица». Университет финансирует инициативы студентов, просчитав детали, позволяет идти им на риски, чтобы получить успешный результат. Даже в случае провала проекта принято считать, что студент получил определенный навык, который поможет ему избежать этих проблем в будущем. В таких случаях университет самостоятельно несет все финансовые издержки.

Совмещение практической работы с учебным курсом вызвало у казахстанской делегации особый интерес. Американские коллеги приняли предложение посетить КазНУ и поделиться практическим опытом.

Механизм создания партнерских отношений между предпринимателями, учеными и правительством для реализации инновационных проектов и коммерциализации научных разработок представил в своей презентации профессор Джек Маккортри.

В свою очередь неподдельный интерес ученых Колумбийского университета вызвала презентация проекта КазНУ «20-летию Независимости Казахстана - 20 инноваций», который направлен на разработку новых технологий в таких отраслях, как нано- и биотехнологии, энергетика, защита окружающей среды, медицина, информационные технологии и др.

Результатом встреч в Колумбийском университете стало подписание меморандума о сотрудничестве, который открывает большие перспективы взаимовыгодных партнерских отношений.

11 ноября Делегация КазНУ была принята Постоянным представителем РК при ООН Бырганым Айтимовой. На встрече обсуждался образовательный кластер в глобальной повестке дня ООН, перспективы участия КазНУ в проектах этой авторитетной международной организации.

Расширение участия КазНУ в программе ООН «Академическое влияние» обсуждалось на встрече делегации с ее руководителем Раму Дамодараном. Следует отметить, что университет единственный из вузов Казахстана принял в эту программу ООН, учрежденную по инициативе Генерального секретаря Пан Ги Муна.

Вопросы взаимодействия ЮНЕСКО и КазНУ в рамках образовательных программ ООН, а также организации образовательного хаба на базе университета для Центрально-Азиатского региона были рассмотрены в беседе Г. Мутанова с директором Бюро по связям ЮНЕСКО в Нью-Йорке Филлипом Криделью.

В ходе визита, который продлится до 17 ноября, ректор КазНУ встретится с Послом Казахстана в США Ерланом Идрисовым, прочитает лекции перед учеными и студентами, в насыщенной программе также посещение Национального музея естественной истории и библиотеки Конгресса США в Вашингтоне.

Соб.кorr.

ҚЫСҚА-НҮСҚА

Жақында шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының ұйымдастыруымен Халықаралық Ғылым Академиясының мүшесі, оқу-ағарту ісіне еңбегі сіңген қайраткер, Сібір бірлестігі лингвист-сараптамашылардың директоры, Кемеров мемлекеттік университеті орыс тілі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы Николай Данилович Голев «Юрислингвистика және когнитивті лингвистика» тақырыбы бойынша дәріс оқыды. Дәріске оқытушылар мен профессорлар құрамы, докторанттар және студенттер қатысты. «Шетелдік профессор дәріс аясында тіл және құқық әрекеттестігін оқып зерттеудің өзекті бағыттары, қақтығыс түрлері және оларды заңдастырудың ерекшеліктері, Лингвистикалық сараптама: практикалық аспектілер, тілдік сананы оқып-зерттеудің өзекті бағыттары, күнделікті қолданыстағы метатілдік сана, Лексикографиялық аспектілер, күнделікті қолданыстағы сөздердің түсіндірме сөздігі т.б. мәселелерді қамтыды. Шет тілін үйретумен қатар, қазақ тілінің даму бағыты мен құқықтық рөлі жөнінде көтерілген тың мәселелер тыңдармандар тарапынан үлкен қолдауға ие болды», - дейді шетел филологиясы және жалпы тіл білімі кафедрасының оқытушысы М.А. Жаңабекова. Соңында тыңдаушылар профессорға тақырып аясында сұрақтар қойып, пікір алмасты.

9 қарашада «Алматы жастар конгресі» және әл-Фараби атындағы ҚазҰУ философия және саясаттану факультеті бірлесіп «Қазақстан Республикасы дінтану саласындағы білім берудің маңыздылығы» атты дөңгелек үстел өткізді. Аталған дөңгелек үстел барысында дінтану саласының жетекші мамандары баяндамалар жасады. Мұнда сондай-ақ, дін философиясы саласының мамандары, жастар және студенттік ұйымдардың көшбасшылары және Алматы қаласы ЖОО-ның жастар ісі жөніндегі комитет жетекшілері де қатысып өзекті тақырып төңірегінде пікір алмасты.

11 қарашада Қазақстан Республикасының 20 жылдығына орай, Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында оңтүстік астана жастар ұйымдары, «Насихат Астана» және «Алматы жастарының конгресі» Алматы қаласы Жастар саясаты жөніндегі басқармасы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қолдауымен «Алматы қаласының Жастар форумы» өтті. Форумға Алматы қаласы әкімшілігінің өкілдері, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің және Алматы қаласы Мәслихатының депутаттары, қалалық құрылым басшылары, жастар және студенттік ұйымдар өкілдері, мәдени және қоғам қайраткерлері қатысты. Жыл сайын өткізілетін Жастар Форумының кезекті отырысында жастар арасындағы өзекті мәселелер талқыланды. Форумда саясаткерлердің, тілшілердің, экономика, бизнес және өнер салаларындағы сарапшылардың ашық және еркін диалогы орын алды. Сонымен қатар, Форум барысында «Біз – оңтүстік астананың көшбасшыларымыз!», «Қазақстан Тәуелсіздігінің қызықты 20 фактісі» және «Тәуелсіздіктің 20 жылы: тәжірибе және келешегі» атты секциялық жұмыстар өтті. Алматы қаласындағы студенттік және жастар ұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды.

РЕКТОРАТ

Жаңа ұсыныстар талқыланды

(Басы 1-бетте)

Қазірде университетте 168 клуб пен үйірме жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 50 пайызға өскен. Сондай-ақ, әр факультетте студенттерді ынталандыру бағытында стипендия тағайындау мәселесі дұрыстап жолға қойылып келеді. Ол оқуда озат, университеттің қоғамдық жұмыстарына аса белсене атсалысатын үздік студенттерге кафедра тарапынан ұсынылады. Бұл шәкіртақылар 5000-нан 45000 теңге аралығында осы уақытқа дейін біршама студенттерге беріліп үлгерді. Алдағы уақытта да бұл игі бастама өз деңгейін арттыра бермек.

Шолпан Жаманбалаева түлектер қауымдастығы мен кеңесінің бағыттары мен қызметтеріне де тоқталып, барлық факультеттерде түлектер қауымдастығы жұмыс істеу керектігін мәселе ретінде көтерді.

Осы арқылы эндаумент-қорын қалыптастырудың жолдарын ұсынды. Тиімді тұстары университеттің дамуына қызмет ететіндігі туралы жақсы ұсыныстар келтірілді. Өз баяндамасында тәрбие жұмысындағы автоматтандырылған басқару жүйесіне кеңірек тоқталып, «универ» жүйесіндегі студентке қатысты бөлімде жаңа идеялар енгізілетіні туралы таныстырды. Студент өз парақшасын

жаңартып, «универдегі» өзіне қарасты бетті жүргізіп отыруды үйренеді. Ал осы арқылы студент туралы толық ақпаратты куратор-эдвайзер біліп отыратын болады.

Ректорат мәжілісінің мүшелері екінші кезекте «әл-Фараби» орталығының директоры Жақып Алтаевтың есебін тандады. Республикалық деңгейде «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мәдениеті» атты ірі жобаны жүзеге асырған ғылыми орталықтың бүгінгі бағыттары: ғылыми-зерттеу, аударма және баспа жұмыстары, халықаралық ынтымақтастық, ғылыми зерттеулерді оқу жұмыстарына енгізу және имидждік қызмет болып жіктеліп отыр. Қазіргі уақытта «әл-Фараби» орталығы ЮНЕСКО-ның кластерлік бюросы, ҚР БҒЖМ, Философия институты, Texas A&M университеті (АҚШ), Техас технологиялық университеті (АҚШ), Огайо университеті (АҚШ), Мимар Синан университеті (Түркия) секілді шетелдік серіктестерімен ынтымақтаса жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта онда ғылыми-зерттеу бағыттары барынша арта түспек. Мәселен, осы бағытта биыл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасы Техас технологиялық университетінің Философия факультетімен ғылыми ынтымақтастық пен академиялық ұтқырлықты нығайту мақсатында



қидақты келісімшартқа қол қойылғанын айта кету керек. Бұл екіжақты барыс-келісті арттыру үшін де таптырмайтын құжат болмақ. Сонымен қатар, профессор Жақып Алтаев жаңадан жасалып жатқан ҚазҰУ кітапханасының ішінде арнайы «әл-Фараби» мұражайын жасау идеясын талқыға салып, бұдан өзге болашақ жоспарларын барынша кеңінен айтып берді.

Әдеттегі дәстүр бойынша шетелдік іссапарлар туралы осы мәжілісте әлемдік экономика және халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры Мара Губайдулина жасаған есеп тыңдалды. Ол Үндістанның Нью-Дели қаласындағы Джавахарлала Неру университетінде болып, халықаралық конференцияларға қатысып және маги-

странттар мен докторанттарға арнайы курс оқып қайтқан болатын. Осы тәжірибе алмасу кезінде «Traditional and Non-traditional Threats to Central Asian Security» және «Silk Route and Eurasia. Peace & Cooperation» атты ағылшын тіліндегі ұжымдық монографиялар басылып, онда ҚазҰУ профессорының баяндамалары жарияланған. Тағы бір айта кетерлігі, Мара Губайдуллинаның осы сапарында ҚазҰУ-ға қажетті Кашмир университетімен екіжақты келісімшарттар жасасу жөнінде келісімге келіп, ғылыми басылымына жарияланымдар даярлау және біріккен ғылыми жобаларды бірлесіп жүзеге асыру мәселелері қарастырылған.

Еңлік АҚЖІПТ

(Басы 1-бетте)

«Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры-редакторлар кеңесінің төрағасы Жұмабек Кенжалин, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ақсақалдар кеңесінің мүшесі, профессор Ажар Жұбанова, әнші Бағдат Сәмедина, белгілі дизайнер, стилист, «Ерке-Нұр» компаниясының президенті Ғарида Мерхамитқызы; «Заң газетінің» бас редакторы Бекжан Әшірбаев, «Қазақстан» телеарнасы «Таңшолпан» бағдарламасының шеф-редакторы Қанағат Әбілқайыр, «Қазақ қызы» журналының бас редакторы Еңлік Ерболқызы, ҚазҰУ «Ана тілі» аруы – 2010 және республикалық «Ана тілі – 2010» байқауы бас жүлдесінің иегері Әйгерім Әшірәлі, ҚазҰУ

сұрақтарға нәзік жандыларымыз сүрінбей жауап қайырды. Ерекше жауап айтқан Ұлболсын Еркінбек (биология және биотехнология факультетінің 2-курс студенті) «Құсни Қорлан» әнінің тарихын егжей-тегжей баяндады. Ең бастысы, «махаббат ұяң сезім екенін, құпиялылық пен нәзіктікті сүйетінін естен шығарып алмайық» деген ойын ұтымды жеткізді. Серілеріміздің де жауаптары нақ әрі өткір болды. Тәуелсіздік монументі тарихының қыр-сырын ашқан болашақ заңгер Ақтөре Әуелов (заң факультетінің 1-курс студенті) өз жауабымен көпшілік қауымын разы етті. Жауаптардан сүрінбей өткен қатысушыларымызға қарап бұл сайысқа олардың айрықша дайындалғанын байқадық.



Гауһар Тұматай, «Байсалды ару» номинациясына филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті Жазира Мекембаева, «Керікті ару» номинациясына экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс студенті Мәлік Салтанат, «Нәзік ару» номинациясына шығыстану факультетінің 2-курс студенті Шолпан Серік лайық деп танылды. Ал «Жігіт сұлтаны – 2011» байқауында «Шешен жігіт» номинациясына механика-математика факультетінің 1-курс студенті Баян Бекболат, «Жалынды жігіт» номинациясына биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті Ершат Ернарұлы, «Парасатты жігіт» номинациясына журналистика факультетінің 3-курс студенті Нұрлан Наурызалиев, «Ақын жігіт» номинациясына тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті Оралбек Ысқақ, «Жігерлі жігіт» номинациясына заң факультетінің 1-курс студенті Ақтөре Әуелов, «Қайсар жігіт» номинациясына философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Қайырхан Қалдыбайұлы, «Өнерлі жігіт» номинациясына тарих, археология және этнология факультетінің 2-курс студенті Ерман Бердалы, «Тапқыр жігіт» номинациясына филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті Тәуірбек Бәзекенов, «Сері жігіт» номинациясына география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенті Дәулет Алтынбеков, «Қайратты жігіт» номинациясына экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс студенті Жансерік Әміржанов, «Байсалды жігіт» номинациясына физика-техникалық факультетінің 1-курс студенті Жандос Әлімбеков, «Дарынды жігіт» номинациясына филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 2-курс студенті Салтанат Мінайхан ие болды.

БИЫЛҒЫ ҚАЗҰУ ҚЫЗҒАЛДАҒЫ МЕН ҚЫРАНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



Кезеңдердің арасында би өнерінің шеберлері, университетімізде ғана емес елімізге де танымал «Бақыт» би тобы «Аққу» биімен ерекше шаттық сыйлады.

Қазақ халқы іңгәләп өмірге келген сәбиін әнмен әлдилеп, жырмен жұбатып, өлеңмен өсіреді. Талбесігін бесік жырымен тербетеді емес пе?! Ендеше халқымыздың өрендері өнерлі болып өсетіні заңдылық. «Өнерім – өмірім» байқауы басталғанда сайыскерлердің өнерін сүйсіне тамашалаған көрермен, жанкүйерлер қауымы өз жолдастарына күш пен дем берді. Қолпаштау қалыңдап, қиқулаған қолдау сахнадағы сайыскерлерге қанат бітіргендей болды. Жанкүйерлердің

көңілінен шыққан айрықша өнер – тай-бокс. Біздің қазақ баласының спортқа деген сүйіспеншілігі, өнері «Онғ Бағ» фильмінің әртісінен асып түспесе, кем түспейтінін көрдік. Ол азаматымыз әлем чемпионы, спорт шебері, экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс студенті Жансерік Әміржанов еді. Бұл өнер сайысында университетімізде талантты да дарынды жастардың көп екеніне тағы бір рет көз жеткіздік.

Байқаудың келесі кезегі сән үлгілеріне де келіп жетті. Ұлтымыздың айшығы ұлттық киім екені белгілі. Бұл бөлімде конкурсанттар бірінен бірі асып түсіп, үлбіреп сахнаға көтерілгенде ке-

халқы салт-дәстүрге, өнерге, тілге қаншалықты бай болса, ұлттық киімге, ою-өрнекке де соншалықты бай екенін таныдық. Біз көрермен соған куә болып, ұлттық ерекшелігімізді мақтанышпен тамашаладық.

Әрбір еңбектің нәтижесі болады. Жасырары жоқ, бауқаудың қалай мәреге жеткенін де байқамай қалдық. Сонымен, кезек марапаттау рәсіміне де жетті. Қазылардың ұйғарымымен ҚазҰУ-дың әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Шолпан Ерболқызы және «Таңшолпан» бағдарламасының шеф-редакторы Қанағат Әбілқайыр қатысушыларға ризашылығын білдіріп, марапат үлестірді. «Ана тілі» аруы – 2011 байқауында «Қайсар қыз» номинациясына философия және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Айкерім Күрішбекова, «Инабатты ару» номинациясына тарих, археология және этнология факультетінің 1-курс студенті Алтын Орынбаева, «Парасатты ару» номинациясына заң факультетінің 2-курс студенті Кәмшат Райымбергенова, «Көрермен көзайымы» номинациясына география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенті Талшын Оразбаева, «Мейірімді ару» номинациясына механика-математика факультетінің 1-курс студенті Қазына Абдрахман, «Өнерлі ару» номинациясына биология және биотехнология факультетінің 2-курс студенті Ұлболсын Еркінбек, «Шебер ару» номинациясына физика-техникалық факультетінің 2-курс студенті Фариза Нахипова, «Дарынды ару» номинациясына химия және химиялық технология факультетінің 3-курс студенті Динара Матаева, «Қылықты ару» номинациясына журналистика факультетінің 2-курс студенті

«Ана тілі» сұлтаны – 2010 және республикалық «Ана тілі сұлтаны – 2010» байқауының жеңімпазы Қайрат Бұрханбеков байқауға қазылық жасап, арулар мен сұлтандардың өнерін бағалады.

Ақтық сайыс сәлемдесу, сұрақ-жауап, өнер сайысы, сән үлгілерін көрсету сияқты төрт кезеңнен тұрды. «Сәлем – сөздің анасы» демекші, сайысымыз сәлемдесуден басталды. Бұл сайыстың бір ерекшелігі қатысушыларымыз жеке шықпай, жұп болып өздерін таныстырды. Сәлемдесудің тұсауын кескен салтанатымыздың ерекше жұптары Салтанат Мәлік (экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс студенті) пен Салтанат Мінайхан (филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 3-курс студенті) болды. Екінші сұрақ-жауап сайысында әр қатысушыға бір сұрақтан қойылды. Сұрақтардың басым көпшілігі Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай егемен еліміздің тарихын қамтитын сұрақтар болды. Аруларымызға арналған



арасында ерекше белсенділігімен, бірлігімен көшбасшысы болып экономика және бизнес жоғары мектебі танылды.

«Өнерім – өмірім» байқауында қатысушылар әр жаңр бойынша бірінің артынан бірі шығып, өз өнерлерін паш етті. Блок-блок бойынша өткен бөлім қамтыған жанрлар: эстрадамен, домбырамен ән айту, поэзия, т.б. Жұрт

ремет тамаша құбылыс туды. Бойжеткендер мен бозбалалардың көйлектерінің әдемілігі көзқуантса, олардың қандай шеберлікпен жасалуы да риза қылды. Аруларымыз бен сұлтандарымызға «Ерке Нұр» сән үйі ұсынған тұла бойларына құйып қойғандай жарасымды киім үлгілері байқауға терең пәлсапа мен мазмұн бергені анық. Бұл кезеңнен қазақ



«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қызғалдағы мен қыраны атағына кім лайық?» деген сауал көрерменнің де тағатсызданып, мазасыздандуына алып келді. Бұл сұраққа әрбір қатысушы жүрегіңде «мен» деген жауап орын алғаны түсінікті. Көптен күткен сәт те тұнды. Қазылардың шешімімен көзге ерекше түскен, тал шыбықтай нәзік, би өнерінің шебері, қазақ қызына тән иба мен әдепті, өзінің озық өнерін үздік көрсете білген экономика және бизнес жоғары мектебінің 2-курс студенті Салтанат Мәлік «Ана тілі» аруы – 2011 байқауының бас жүлдегері, ҚазҰУ сахнасының жұлдызы, талантты спикер, еліміздің зор болашағы филология және саясаттану факультетінің 3-курс студенті Қайырхан Қалдыбайұлы «Жігіт сұлтаны – 2011» байқауының гран-при жеңімпазы атанып мерейі үстем болды. Қазылардың шешіміне риза болған көпшілік онысын қызу шапалақпен білдірді. Бұл да болса байқаудың әділ әрі тамаша салтанатпен өткенін білдірсе керек.

Жеңімпаздарға «Сұңқар» студенттер кәсіподағы атынан Әлия Қарақожаева мен Нұрлан Әбдіқадыров Ыстықкөлге жолдама табыстады. Ол үшін, әрине Студенттер сенатына, «Сұңқар» кәсіподағына алғысымыз шексіз. Ал осы кеште рухани ләззат алған жұртшылық қазаққа тән ибалы ару мен сері сұлтанды таңдап, көңілдері марқайып қайтты.

Гүлвира
НҰРМАХАНБЕТОВА,
экономика және бизнес
жоғары мектебінің 3-курс
студенті

«Менің Қазақстаным» КТК сайысы

Жақында Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай физика-техникалық факультетінің жалынды да жарқын, дарынды да парасатты, алғыр да өжет 1-курс студенттерінің арасында «Менің Қазақстаным» атты КТК сайысы өтті.

Студенттер сайысты ҚР мемлекеттік әнұранымен бастады, олар дайын әуенді қолданбай әнұранды өздері орындады. Бұл біздің жастардың патриоттық сезімін білдіреді деп ойлаймыз. Қызықты өткен бұл сайыс жылуфизика және техникалық физика кафедрасының меңгерушісі, доцент С.Ә.Бөлегенова, оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі кафедра меңгерушісінің орынбасары, аға оқытушы Ж.Қ.Шортанбаева, оқытушылар Э.М.Зұлбухарова және М.Т.Бекетаеваның қолдауымен өтті. Мұнда «Матрица», «50x50», «Қысқа галстуктар», «Бес

саусақ», «Алатау Қырандары», «Достар КЗ» көңілді тапқырлар командалары қатысты. Әділ қазылар алқасында декан орынбасары С.Бөлегенова, аға оқытушы Р.Манатбаев, студенттер мәслихат төрайымы А.Омарова, студенттер кеңесінің төрағасы Т.Амалхан және Алматы КТК лигасының ойыншысы Д.Ақайдаров төрағалық етіп, осы командалардың өнерлерін бағалады. «Бес саусақ» командасы бейнефильм түсіріп, өздерінің ерекшеліктерімен көзге түсті. Дәстүр бойынша жылдан-жылға өз жалғасын тауып келе жатқан бұл өнершілер сайысы, жылуфизика және техникалық физика кафедрасы оқытушыларының бастауымен биыл да өте жоғарғы деңгейде өтті. Жеңіске жеткен «Матрица» командасы арнайы сыйлықпен марапатталып, факультет деканының кубок иегері атанды, «Достар КЗ», «50x50», «Бес саусақ» топтарына үш дәрежелі диплом тапсырылды. Ең үздік ойыншы болып Жұмабай Әбдісаттар

белгіленді. Осы сайыста факультеттің құрама КТК команда мүшелері Қайсар Аббасов, Жандарбек Әлисултан, Кеңес Әлібек, Арай Аманжолқызы, Асқар Ерболұлы, Медет Сисенғалиев өздерінің үлестерін қосып, ерекше белсенділік танытты.

Тамшыдан көл пайда болады демекші, бұл шара өз кезегінде Тәуелсіздік мерекесіне өз үлесін қоса отырып, келген көрермендерге шапағатты күлкі сыйлады. Осындай керекті іс-шаралардың ұйымдастырылуымен ендігі кезекте Тәуелсіз Қазақстанның болашағы жарқын екендігін айқындай отырып, жастарымыз бен үлкендеріміздің өмірге деген құштарлығын оятқаны белгілі. Сайыстағы қозғалған өзекті мәселелер де аз емес. Студенттердің ойнап айтса да, ойлап айтқандары көңіл жылытады.

Айнұр ҚЫЗЫРОВА,
физика-техникалық факультетінің
1-курс студенті

АЛАУ

Қызық сабақ

Журналистика факультетінде орыс тілі пәнінің оқытушысы Әмірова Жанар Рақышқызының ұйымдастыруымен, осы топтың ең таланты, белсенді студенттері «Алтын күз» атты мерекелік бағдарлама өткізді. Кеште олар өздерінің тек қана интеллектуалды жастар ғана емес, сан қырлы, өнерлі студенттер екенін дәлелдеді.

Сахна шымылдығын осы концертті ұйымдастырушыларының бірі Арайлым Әкім жан тебіренерлік монологомен ашты. Одан әрі тобымыздың жас әншілері Еңлік Бектұрғанова мен Мәулен Әнербаевтың әсем әндері жалғасын тапты. «Жігітке жеті өнер де аз» демекші Мәулен гитарада да өнер көрсетті. Домбыраның құлағында ойнайтын Бақытбек Орынбасар «Кеңес» күйін тартуымен қатар, ұстаздарға өлең арнап, суырып-салма ақындығын танытты. Шетелден келген студенттеріміз Хугиянин Рахимолла мен Саид Самим және болашақ ақын Алмасбек Қуанәлі орыс, қазақ, лашу тілдерінде әсем жырларын оқып, көрермендер жүрегіне жол таба білді.

Журналистер – әмбебап халық. Тіпті өнердің кезкелген жанрында да олар жоғары деңгейде өз қабілеттерін таныта алады. Қарашаш Есенбаева мен Еңлік Бектұрғанова күзгі өнімдермен нағыз күз мезгілінің бейнесін



көрсетерлік экибана жасады. Көрермендерді ерекше тәнті еткен Самим өз ана тілінде ән салып қана қоймай, тобымыздың биші қызы Гауһар Асанбекпен ұлттық биіміз «Қара жорғаны» биледі. Кеш сәнін ашқан Ақсауле Әбітайдың ой-қиялынан туған әсем көйлегі мен мәнеріне келтіріле оқылған Тютчевтің күз туралы өлеңі көрермендер есінде қалды. Ал мерекелік бағдарламаны факультетіміздің үздік те белсенді студенттері Айдос Әріпбаев пен Аяғөз Айтқалиева жүргізді. Кеш соңы журна-

листика факультеті деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Алмагүл Құрманбаеваның және орыс тілі пәнінің оқытушысы Эльмира Когайдың жылы лебіздеріне жалғасты. Бұл мерекелік бағдарламада студенттер өз қабілеттерін танытып, кеш қонақтарына керемет көңіл күй сыйлады. Осылайша, жылдың мұңды мезгілі де көңілді әсер қалдыратынын көрсетті.

Өз тілшімізден

ҚазҰУ РЕКОРДЫ



Өмірінді ҚазҰУ рекордтарымен жаңарт!

Студенттер ҚазҰУ қабырғасында құмырсқа иелеуіндей тынымсыз еңбек етіп, жаңа ізденіс белестерімен көзге айрықша тусуде. Бұл рекордтар өз мекенімізді толық зерттеп тануға мүмкіндік береді. «Сол рекордтардың легі менің факультетім, экономика және бизнес жоғары мектебінен орын алмақ. Идея – ол нәтиже емес. Нәтижелі еңбегіміздің жемісі анықтаудан көрініс табады», - дейді «ҚазҰУ рекордтар» клубы төрағасы Асқар Әскеров. Сонымен, экономика және бизнес жоғары мектебінің керемет рекордтарымен танысайық. Олар:

Мемлекеттік грант иегерінің саны ең көп факультет – 915 студент;

1-курс – 169 студент; 2-курс – 177 студент;

3-курс – 240 студент; 4-курс – 194 студент;

Магистратура: 1-курс – 94 студент; 2-курс – 41 студент;

Сыйымдылығы ең үлкен жатақхана – 466 студент;

Ең көп студенті бар факультет – 3016;

Ең көп оқуға қабылданған талапкер саны (2010 ж. – 684 студент);

Президенттік степендия иегерінің саны ең көп факультет – 15 студент;

«Алтын белгі» иегерінің саны ең көп факультет – 497 студент;

1-курс – 149 студент; 2-курс – 137 студент;

3-курс – 136 студент; 4-курс – 75 студент;

«Қазақстан Республикасы бойынша ең бірінші «Экономикалық студенттік оқу биржасы» бар факультет»;

Бұл рекордтар экономика және бизнес жоғары мектебін өзге факультеттерден ерекшелейтін көрсеткіштер. Факультеттің Қазақ ұлттық университетінің алдағы 77 жылдық мерейтойында «ҚазҰУ рекордтар» клубын жаңғыртып, 77 жаңа рекорд қосатынына кәміл сенеміз.

Гүлвира НҰРМАХАНБЕТОВА,
Экономика және бизнес
жоғары мектебінің 3-курс студенті

СЕМИНАР

ВЕБОМЕТРИЯ: РЕЙТИНГ ВО ВСЕМИРНОЙ ПАУТИНЕ

(Начало на 1 стр.)

Динамика деятельности агентства Webometrics за последние годы весьма показательна. Так, если до 2008 года количество ранжированных им вузов равнялось четырем-пяти тысячам, то в 2009 году оно достигло шести тысяч, а в 2010-м составило уже более двенадцати тысяч. В прошлом году только 24 вуза РК попали в данный рейтинг.

Сегодня трудно представить жизнь и работу без информационно-коммуни-

кативных технологий. Развитые сетевые контакты позволяют иметь доступ к интеллектуальным ресурсам зарубежних вузов-партнеров, обеспечивают связь с потенциальными потребителями научных и образовательных услуг. Особое внимание в этой работе необходимо уделить развитию университетского интернет-портала kaznu.kz. Сайт должен видоизмениться и соответствовать современным требованиям. Лекции профессором, тематика НИОКР, научные достижения, инновационные про-

дукты КазНУ и многое другое должны быть доступны в интернет пространстве и способствовать продвижению вуза в мировом научно-образовательном сообществе. Большая роль и ответственность за наполнение контента университетского веб-ресурса возлагается на кафедры. В этот процесс необходимо активно вовлекать студентов.

В резолюции недавно прошедшего в университете Международного форума, посвященного 20-летию Независимости страны, «Формирование

исследовательских университетов и их роль в инновационном развитии РК», одобренной участниками из 30 стран мира, сказано: «Обеспечить оперативную и доступную систему информирования...». И проведение семинара по актуальной теме – это еще один шаг на пути трансформации вуза в исследовательский университет.

Гюльнар МУКАНОВА,
директор Центра стратегического
анализа и прогнозирования

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор –
Жауапты хатшы –
Редакторлар –

Беттеуші –
Фототілші –

Дәрмен СМАЙЫЛ
Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Еңлік АҚЖІГІТ
Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны:
377-33-30, ішкі: 11-94,
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
“Бизнес Информ” баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Индексі 65989.
Тапсырыс №10680

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.